«6D090500 – Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша Жақыпбек Айгерим Айдарбекқызының «Қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын жеңудегі белсендендіруші технологиялар (Шымкент қаласы мысалында)» тақырыбындағы диссертациясына Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін

АННОТАЦИЯ

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі. Қазақстандағы халықтың қартаю үдерісі қоғамның әлеуметтік құрылымына, экономикалық қатынастарына және институционалдық жүйесіне кешенді әсер ететін құрылымдық трансформация ретінде сипатталады. Қарт адамдар санының өсуімен қатар олардың жас құрылымы күрделеніп, бір жағынан жоғары жастағы топтардың (80+) үлесі артып, күтімге деген сұраныс күшейсе, екінші жағынан қарт адамдардың басым бөлігі әлеуметтік және экономикалық белсенділік әлеуеті жоғары «жас қарттар» санатын құрайды. Алайда бұл әлеуеттің толық іске асырылмауы олардың қоғамға интеграциялану мүмкіндіктерінің шектеулігін көрсетеді. Қарт адамдардың әлеуметтік жағдайы өмірлік жолда жинақталған теңсіздіктердің нәтижесі ретінде қалыптасып, білім, табыс, денсаулық және әлеуметтік байланыстардағы айырмашылықтар қарт жаста айқын көрініс табады. Нәтижесінде әлеуметтік эксклюзия денсаулық, экономикалық, әлеуметтік, институционалдық және цифрлық өлшемдерді қамтитын көпдеңгейлі құбылыс ретінде қалыптасады.

Қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясы гендерлік, аумақтық және институционалдық факторлармен күрделене түседі. Әйелдердің басымдығы, әсіресе жоғары жастағы топтарда, олардың жалғыздық, әлеуметтік оқшаулану және экономикалық тәуелділік тәуекелдерін арттырады. Қалалық және ауылдық ортада әлеуметтік эксклюзия әртүрлі формаларда көрініс табады: қалада әлеуметтік байланыстардың әлсіреуі байқалса, ауылда қызметтерге қолжетімділік шектеулі.

Аймақтық айырмашылықтар мен еңбек нарығындағы тұрақсыз қатысу, институционалдық қолдаудың компенсаторлық сипаты және цифрлық теңсіздік қарт адамдардың әлеуметтік осалдығын күшейтеді. Осы факторлардың жиынтығы әлеуметтік эксклюзияның құрылымдық және динамикалық сипатын айқындап, қарт адамдарға қатысты әлеуметтік саясатты қайта қарау және ресурстық-бағдарланған белсендіру технологияларын дамыту қажеттігін негіздейді.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты: Қазақстан жағдайында, атап айтқанда Шымкент қаласы мен Түркістан облысы мысалында қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясының көпөлшемді сипатын теориялық және эмпирикалық тұрғыдан кешенді талдау және оны еңсеруге бағытталған әлеуметтік жұмыс технологияларының тиімді белсендіру моделін негіздеу.

Зерттеудің міндеттері:

1. Қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясы ұғымының теориялық-әдіснамалық негіздерін кешенді түрде талдау, оның қалыптасу эволюциясын әртүрлі ғылыми мектептер мен бағыттар контекстінде қарастыру, сондай-ақ

заманауи ғылыми дискурстағы мазмұнын, анықтамалық шекараларын және негізгі интерпретациялық тәсілдерін жүйелеу. Әлеуметтік эксклюзияның денсаулық, экономикалық, әлеуметтік, кеңістіктік, институционалдық, мәдени, символдық және цифрлық өлшемдерін нақтылап, олардың әрқайсысының мазмұнын ашу, сондай-ақ осы өлшемдердің өзара байланысу, бірін-бірі күшейту және кумулятивті әсер ету механизмдерін теориялық тұрғыдан негіздеу және олардың зерттеу тақырыбына қолданбалы әлеуетін анықтау;

2. Қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын еңсеруге арналған әлеуметтік жұмыс технологиялары мен модельдеріне шолу жасау арқылы, оны еңсеру технологияларының типологиясын баяндап, тұжырымдамалық тұрғыда негіздеп, халықаралық модельдерге салыстырмалы талдау жасай отырып, әлеуметтік жұмыс технологияларының тиімділігін бағалау әдіснамасын ұсыну,

3. Қазақстан жағдайында, соның ішінде Шымкент қаласы мен Түркістан облысы мысалында қарт адамдардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын, өмір сапасын, әлеуметтік қатысу деңгейін, әлеуметтік ресурстарға қолжетімділігін эмпирикалық деректер негізінде кешенді бағалау және өңірлік ерекшеліктерін айқындау және қарт адамдардың әлеуметтік қатысу деңгейін, ресми және бейресми әлеуметтік байланыстарын, әлеуметтік қызметтерге қолжетімділігін, сондай-ақ цифрлық кеңістікке интеграциялану деңгейін талдау арқылы олардың қоғамдағы инклюзия дәрежесін бағалау;

4. Қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясының құрылымдық моделін құрастыру, оның негізгі детерминанттарын, тәуекел факторларын, осал топтарын және әртүрлі әлеуметтік контекстердегі көрініс беру ерекшеліктерін анықтау; қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын еңсеруге бағытталған халықаралық және отандық тәжірибелерді салыстырмалы талдау негізінде тиімді әлеуметтік саясат құралдарын, институционалдық модельдерді және тәжірибелік интервенцияларды анықтау;

5. Қарт адамдардың әлеуметтік инклюзиясын арттыруға бағытталған әлеуметтік жұмыс технологияларының кешенді моделін әзірлеу, оның теориялық негіздерін, құрылымдық компоненттерін, іске асыру механизмдерін және күтілетін нәтижелерін ғылыми тұрғыдан негіздеу;

6. Қазақстан жағдайында қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын еңсерудің институционалдық, қауымдастықтық және қолданбалы деңгейдегі тетіктерін айқындау, олардың өзара ықпалдасу логикасын көрсету және нақты практикалық ұсыныстар әзірлеу; әлеуметтік саясатты, әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін және қарт адамдармен жұмыс істеудің заманауи модельдерін жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар жүйесін қалыптастыру, олардың тиімділігін арттырудың стратегиялық бағыттарын ұсыну.

Зерттеу нысаны: қазіргі Қазақстан қоғамындағы қарт адамдардың әлеуметтік жағдайы, олардың әлеуметтік қатысу деңгейі, әлеуметтік ресурстарға қолжетімділігі және осы үдерістер аясында қалыптасатын әлеуметтік эксклюзияның көпөлшемді сипаты.

Зерттеу пәні: қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясының қалыптасу механизмдері, оның денсаулық, экономикалық, әлеуметтік, кеңістіктік, институционалдық, мәдени, символдық және цифрлық өлшемдердегі

көріністері, сондай-ақ осы құбылысты еңсеруге бағытталған әлеуметтік жұмыс технологияларының теориялық негіздері, құрылымы және практикалық іске асыру тетіктері.

Зерттеудің болжамы: қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясы жинақталған әлеуметтік теңсіздіктердің, институционалдық шектеулердің және әлеуметтік қатысу деңгейінің төмендеуінің ықпалымен қалыптасатын көпөлшемді үдеріс деген ғылыми тұжырымға негізделеді. Әлеуметтік қолдаудың қолданыстағы компенсаторлық тетіктері әлеуметтік мәселелердің себептерінен гөрі олардың салдарын жоюға басым бағытталғандықтан, әлеуметтік эксклюзияны еңсеруде жеткілікті деңгейде тиімді емес деп болжанады. Ресурстық, тұлғаға бағдарланған және қауымдастыққа бағдарланған тәсілдерге негізделген әлеуметтік жұмыстың белсендендіруші технологияларын енгізу қарт адамдардың әлеуметтік байланыстарын кеңейтуге, әлеуметтік белсенділігін арттыруға, әлеуметтік капиталын нығайтуға, әлеуметтік эксклюзия деңгейін төмендетуге және олардың өмір сапасын жақсартуға ықпал етеді деп күтіледі.

Зерттеу әдістері: диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін сандық және сапалық әдістерді интеграциялауға негізделген аралас зерттеу дизайны (Mixed Methods Research) қолданылды. Зерттеу барысында талдау, синтез, салыстыру, жалпылау және модельдеу сияқты жалпы ғылыми әдістер, ғылыми әдебиеттерді, нормативтік-құқықтық құжаттарды және халықаралық тәжірибені теориялық талдау әдістері пайдаланылды. Сондай-ақ қарт адамдар арасында сандық сауалнама, өмірбаяндық және сараптамалық сұхбаттар, Eldergram жобасының медиаматериалдарына кейс-талдау және құжаттарды талдау жүргізілді. Сандық деректерді өңдеу SPSS бағдарламасы арқылы жүзеге асырылып, нәтижелерді интерпретациялау Bristol Social Exclusion Matrix (B-SEM) аналитикалық моделі негізінде жүргізілді. Сапалық деректерді талдау өмірбаяндық және тақырыптық талдау әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылып, бұл қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясының қалыптасу факторлары мен оны еңсеру тетіктерін кешенді зерттеуге мүмкіндік берді.

Зерттеудің жетекші идеясы: қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын еңсеру дәстүрлі компенсаторлық әлеуметтік қолдау моделінен тұлғаның ішкі ресурстарын дамытуға, әлеуметтік байланыстарды кеңейтуге, әлеуметтік капиталды нығайтуға және қарт адамдардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуына жағдай жасауға бағытталған әлеуметтік жұмыстың белсендендіруші моделіне көшуді талап етеді деген тұжырымға негізделеді. Бұл тұрғыда қарт адамдар әлеуметтік көмектің пассивті алушылары ретінде емес, әлеуеті, өмірлік тәжірибесі, өзін-өзі жүзеге асыру және әлеуметтік интеграция мүмкіндіктері бар әлеуметтік қатынастардың белсенді субъектілері ретінде қарастырылады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын көпөлшемді және динамикалық әлеуметтік құбылыс ретінде жүйелі түрде қайта қарастырумен айқындалады. Диссертацияда әлеуметтік эксклюзия денсаулық, материалдық ресурстар, әлеуметтік байланыстар, институционалдық және цифрлық қолжетімділік факторларының өзара ықпалдасуы нәтижесінде қалыптасатын кешенді жүйе ретінде негізделді.

Өмірлік жол (life-course), жинақталған теңсіздік (cumulative disadvantage), әлеуметтік капитал және мүмкіндіктер тәсілдері интеграцияланып, қарт адамдардың әлеуметтік осалдығын түсіндірудің тұтас теориялық үлгісі ұсынылды. Бұл қарттық кезеңдегі теңсіздіктердің өмір бойы жинақталатын сипатын негіздеп, әлеуметтік эксклюзияны динамикалық үдеріс ретінде қарастырудың ғылыми негізін кеңейтеді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы қарт адамдардың әлеуметтік инклюзиясын арттыруға бағытталған қолданбалы шешімдерді әзірлеумен анықталады. Зерттеу нәтижесінде әлеуметтік жұмыс технологиялары жүйеленіп, олардың әлеуметтік қатысуды кеңейтуге, әлеуметтік байланыстарды нығайтуға, цифрлық дағдыларды дамытуға және қарт адамдардың субъектілігін арттыруға ықпал ететін механизмдері нақтыланды. «Әлеуметтік ресурс орталығы» және «Әлеуметтік ауыл» модельдері қарт адамдарды қолдаудың интегративті жүйесі ретінде ұсынылып, олардың институционалдық және қауымдастықтық деңгейлерде іске асу мүмкіндіктері негізделді. Зерттеу нәтижелері әлеуметтік саясатты жетілдіруде, әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінде, білім беру үдерісінде және қарт адамдармен жұмыс істейтін ұйымдардың тәжірибесінде қолдануға бағытталған.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін әлеуметтік эксклюзия теориясы, өмірлік жол тұжырымдамасы (life-course), жинақталған теңсіздік теориясы (cumulative disadvantage), әлеуметтік капитал теориясы, мүмкіндіктер тәсілі (capability approach) және белсенді қартаю тұжырымдамасы құрады. Бұл теориялар қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын көпөлшемді, динамикалық және құрылымдық тұрғыдан шартталған үдеріс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Зерттеудің әдіснамалық негізін зерттелетін құбылысты микро-, мезо- және макродеңгейлерде талдауға мүмкіндік берген жүйелік, пәнаралық және интегративті тәсілдер құрады. Зерттеу сандық және сапалық әдістерді үйлестіретін аралас әдістер стратегиясы (mixed methods) негізінде жүзеге асырылды. Аналитикалық құрал ретінде қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзия факторларын, ресурстарға қолжетімділігін және әлеуметтік белсенділік деңгейін кешенді бағалауға мүмкіндік берген Bristol Social Exclusion Matrix (B-SEM) қолданылды. Әдіснамалық триангуляция қағидасын қолдану зерттеу нәтижелерінің сенімділігін, валидтілігін және кешенді интерпретациясын қамтамасыз етті.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын Қазақстан контекстінде көпөлшемді, көпдеңгейлі және өзара байланысты әлеуметтік құбылыс ретінде кешенді талдаумен және оны еңсеруге бағытталған әлеуметтік жұмыс технологияларын теориялық әрі қолданбалы тұрғыдан негіздеумен айқындалады. Зерттеуде әлеуметтік эксклюзия жекелеген әлеуметтік мәселелердің жиынтығы ретінде емес, экономикалық, әлеуметтік, институционалдық, кеңістіктік, мәдени және цифрлық факторлардың өзара ықпалдасуы нәтижесінде қалыптасатын жүйелік үдеріс ретінде қарастырылды. Ұсынылған интегративті теориялық-әдіснамалық үлгі өмірлік жол тұжырымдамасын (life-course), жинақталған теңсіздік теориясын (cumulative disadvantage), әлеуметтік капитал теориясын және

мүмкіндіктер тәсілін (capability approach) біріктіре отырып, қарттық кезеңдегі әлеуметтік осалдықтың қалыптасу механизмдерін динамикалық тұрғыда түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қарттықтың әлеуметтік мазмұны қайта қарастырылып, оның тек хронологиялық жаспен емес, әлеуметтік орта, денсаулық және өмірлік тәжірибемен айқындалатыны дәлелденді. Эмпирикалық нәтижелер қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясының құрылымдық, гендерлік және кеңістіктік ерекшеліктерін ашып, әлеуметтік байланыстардың әлсіреуі, қызметтерге қолжетімділіктің шектелуі және цифрлық теңсіздік әлеуметтік шеттетілу үдерісін күшейтетін негізгі факторлар екенін көрсетті. Биографиялық талдау әлеуметтік эксклюзияның өмір бойы жинақталатын сипатын негіздесе, «Eldergram» жобасының медиакейстері қарт адамдардың белсенділігінің жаңа формаларын айқындады. Зерттеудің қолданбалы жаңалығы қарт адамдардың әлеуметтік инклюзиясын арттыруға бағытталған әлеуметтік жұмыс технологияларын жүйелеумен және «Әлеуметтік ресурс орталығы» мен «Әлеуметтік ауыл» модельдерін ұсынумен байланысты.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

1. Қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясы жинақталған әлеуметтік теңсіздіктердің ықпалымен қалыптасатын және экономикалық, әлеуметтік, институционалдық, кеңістіктік және цифрлық өлшемдерде көрініс табатын көпөлшемді, динамикалық әрі құрылымдық тұрғыдан шартталған үдеріс болып табылады.

2. Қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясы өмірлік жол барысында жинақталған жеке, әлеуметтік және институционалдық факторлардың өзара ықпалының нәтижесі болып табылады, бұл оны микро-, мезо- және макродеңгейлерде талдау қажеттілігін айқындайды.

3. Қазақстандағы қарт адамдарды әлеуметтік қолдаудың қолданыстағы жүйесі негізінен компенсаторлық тәсілге бағдарланған және қарт адамдардың әлеуметтік белсенділігін, дербестігін және әлеуметтік қатысу деңгейін жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етпейді.

4. Қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын тиімді еңсеру әлеуметтік қолдаудың компенсаторлық моделінен ресурстық, тұлғаға бағдарланған және қауымдастыққа бағдарланған тәсілдерге негізделген әлеуметтік жұмыстың белсендендіруші моделіне көшуді талап етеді.

5. «Әлеуметтік ресурс орталығы» және «Әлеуметтік ауыл» технологияларын қамтитын әзірленген белсендендіруші технологиялардың интегративті моделі қарт адамдардың әлеуметтік байланыстарын кеңейтуге, әлеуметтік капиталын нығайтуға, әлеуметтік белсенділігін арттыруға және әлеуметтік интеграция деңгейін көтеруге ықпал етеді.

Жұмыстың көлемі мен құрылымы. Диссертацияның құрылымы қойылған мақсат пен негізгі міндеттерден туындайтын зерттеу логикасына сәйкес анықталған. Жұмыс кіріспеден, 3 тараудан, 9 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен және қосымшалардан тұрады.